

**6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін ұсынылған  
Мухитденова Бағым Максатовнаның  
«Қазақстан орындаушыларының музыкалық эстрада өнері мен  
әртістігін дамыту» докторлық диссертациясының мәтініне  
АҢДАТПА**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі**

Музыкалық эстрада өнері – кең аудиторияға арналған заманауи өнердің ең қолжетімді түрлерінің бірі. Ол концерттердің, радио мен телевизияның, сондай-ақ заманауи электрондық ақпарат тасымалдаушылардың арқасында көптеген адамдардың музыкалық талғамына әсер ететіндігімен сипатталады. Музыкалық эстрада жанрлары жалпы қолжетімділігімен, көркем тілдің жеңілдігімен ерекшеленеді, оларға өзгермелілік тән, жаңа синтетикалық қосылыстар түсіну үшін ерекше алдын ала дайындықты талап етпей-ақ, оңай әрі еркін түзіледі және жойылады.

Әр мемлекетте эстрада өнерінің пайда болу жолдары әртүрлі. Бірақ, жалпы алғанда, ол қалаларда нағыз қалалық мәдениет құбылысы ретінде пайда болады. Қазақстанның бұрынғы Ресей империясының отаршылдығы кезінде, жаңа мемлекет – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағындағы республикаларының бірі болған шағында эстрада өнері ХХ ғасырдың 30-шы жылдары, яғни жаңа – қазақ елінің социалистік мәдениетін қалыптастырудағы белсенді жұмыстың қызған кезеңінде пайда болды.

Бұрынғы көшпелі халық үшін жаңа мәдениеттің даму бағыты айқындалды. Бұл КСРО-ның барлық шығыс республикалары үшін бірегей жол болды, себебі оның мәні батыстандыру немесе еуропаландыруда еді. Қазақстандағы еуропаландырылған музыкалық мәдениет негізі қалануының алғышарттары 1920 жылдары құрылды. Тиісті әлеуметтік-саяси және экономикалық құрылымдарды құруда басты рөлді қазақ көшпенділерінің седентаризациясы (отырықшылыққа өтуі), сондай-ақ А.В.Затаевич, Е.Б.Брусиловский, В.Великанов сияқты ресейлік музыка қайраткерлерінің, сонымен қатар дирижерлердің, режиссерлердің, еуропалық музыкалық аспаптарда орындаушылардың қызметі шешуші рөл атқарды.

Эстрада өнері қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани өмір салаларымен өзара қатынас жасайды. Сондықтан оның дамуы ел дамуының әртүрлі тарихи кезеңдерінде үстемдік ететін идеологиялық ұстанымдарға байланысты. Өзгермелі идеологиялық ұстанымдардың айқын көрінісі сахнада жүзеге асырылатын эстрадалық музыканттардың әртістік саласы болып табылады. Эстрадалық әншінің әртістігі – бұл күрделі кешен, оның құрамына әншінің даралығы, мінезі, психологиялық ерекшеліктері, харизмасы мен сахналық келбеті, сондай-ақ ән орындаудағы эмоциялық-экспрессивті ерекшеліктері мен сахнада өзін-өзі ұстау, аудиторияға әсер ету тәсілдері кіреді. Өзара байланысты үдерістер – идеологияның музыканттардың әртістік қабілетінің көрінісі аясымен байланысы Қазақстанда миллиондаған

тыңдаушылардың санасына әсер ететін заманауи өнердің бұқаралық түріне лайық деңгейде, толығымен зерттелмеген.

Стильдер мен жанрлардың алуан түрлілігі, әлемдік эстрадамен кеңейтілген байланыс жағдайындағы ұлттық ағымдардың жарқын ерекшелігін айқындайтын дәстүрлі музыкамен байланысы, отандық және әлемдік аудитория мойындаған орындаушылар әртістігінің жоғары деңгейі – заманауи Қазақстандағы музыкалық эстрада өнері осындай.

Аталған дәлелдемер осы зерттеудің өзектілігін қалыптастыра отырып, ғылыми ізденістің негізгі бағытын құрайды.

**Зерттеу нысаны** – Қазақстан Республикасындағы эстраданың музыкалық өнер жанры.

**Зерттеу пәні** – идеологиялық парадигмалардың ауысуына және көрермендерге әртістік ықпал ету аясының кеңеюіне байланысты Қазақстандағы музыкалық эстраданың даму кезеңдері.

**Зерттеу мақсаты** – Қазақстанда эстрада өнерінің пайда болу алғышарттарын және оның дамуының негізгі кезеңдерін анықтау, аталған өнер түрінің жарқын өкілдерінің шығармашылығында әртістікті жүзеге асыру заңдылықтарын айқындау.

**Зерттеу міндеттері.** Қазақстанның музыкалық эстрадасының тарихи даму кезеңдері мен орындаушылардың әртістігі мәселелерін анықтау жолында келесі міндеттер тұрды:

1. Қазақ мәдениетінің седентаризациялану және батыстандыру (вестернизация) контексінде, сондай-ақ Еуропа мен Орта Азия өңіріндегі музыкалық эстрада өнерінің пайда болуы мен дамуын салыстырмалы зерттеу жолымен Қазақстанның музыкалық эстрада өнерінің пайда болу типологиясын анықтау;

2. Эстрадалық нөмірдің құрылымын зерттеу арқылы эстрада өнеріндегі «өнер синтезі» ұғымының мәнін ашу, әлемдік және қазақстандық музыкалық эстраданың жанрлық-стильдік көптүрлілігін анықтау;

3. Қазақстан мысалында эстрада музыкалық өнерінің ерекшелігін әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде зерделеу;

4. Эстрадалық әнші тұлғасының психологиялық ерекшеліктеріне және оның концерттік орындау дайындығына байланысты әртістік феноменін негіздеу және оның Қазақстандағы эволюциясын зерттеу;

5. Қазақстандағы музыкалық эстрада өнерінің тарихын талдау және оның даму кезеңдерін анықтау;

6. Дәстүрлі музыканың эстрадада бейімделу және қоғамдық сананы жаңғырту қажеттіліктеріне жауап беретін дәстүрлі қазақ және заманауи музыкалық-эстрадалық жанрлар синтезінің негізгі үрдістерін анықтау.

**Зерттеу материалы** қазақ эстрадасы шығармаларының, олардың негізін қалаушылар мен орындаушыларының танымалдығымен, орындалатын музыканың жоғары деңгейімен, алыс және жақын шетел, Қазақстан тыңдаушылар аудиториясының жетекші эстрадалық орындаушыларын мойындауымен негізделген. Әр жылдары жасалған концерттерден жасалған

аудио және бейнежазбалар талданды, бұл әртістіктің сыртқы көріністеріне баға беруге, сахналық қойылымды орындаушылардың жеке мәнерімен салыстыруға, қазақ эстрадасының әр түрлі тарихи кезеңдерінде көрерменмен қарым-қатынас жасаудың әртүрлі әдістерімен салыстыруға мүмкіндік берді.

### **Мәселенің зерттелу дәрежесі**

Эстрадалық өнердің орны мен рөлі, республика өміріндегі танымал музыка жанрлары дамуының негізгі заңдылықтары О.Ощепкованың «Некоторые культурологические вопросы формирования массовой музыкальной культуры» тақырыбындағы дипломдық жұмысында қарастырылды. Музыкалық эстрада өнеріндегі қазақ музыкасының рөлін А.Айтуарова, А.Тоқсановалар өз еңбектерінде зерттеді.

Эстрадалық өнердегі музыкалық деректер ресейлік, сондай-ақ қазақстандық зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып қарастырылды. Олар, музыкалық эстрадада фольклордың интерпретациясын, оның халық мелосына жақындығы мәселелерін түсіндіруге мүмкіндік беретін, Б.Ерзакович, А.Байгаскина, С.Елеманова, И.Кожабеков, Д.Амирова, А.Байбек, А.Айтуарова, Г.Абдрахман және т.б. еңбектері.

Ресейлік зерттеушілердің еңбектері, көрнекті әншілердің естеліктері, эстрадалық авторлардың практикалық материалдары (В.Ардов, Е.Гершун, М.Грин, Г.Териков, И.А.Богданов, Ю.Дмитриев, С.Клигина) эстрадалық нөмір құру үрдісін, эстрадалық қойылым драматургиясын, театр режиссерлерінің рөлін, вокалдық нөмірлер құрудың әдістемелік қағидаттарын, театр және эстрада өнерінің өзара тығыз байланысын (Г.Товстоногов «О профессии режиссера», «Круг мыслей», «Зеркало сцены») қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудегі көркемдік-публицистикалық сипат концерттерден, естеліктерден, Қазақстанның танымал музыканттарымен құрған сұхбат жазбалардан алынған әсерлерге негізделген. Диссертант қарастырған кітаптар, рецензиялар, мақалалар, эстрада қайраткерлерінің пікірлері зерттеу жұмысына жаңа реңк берді. Олар эстрадада вокалдық орындауға, музыкаға қатысты тың психологиялық бақылауларға, әртістің қалыптасуына, оның рухани әлеміне қатысты Н.Бабкина (Душа русской песни. М.2002), Л.Утесов (С песней по жизни. 1961, Спасибо, сердце. 1976); М.Матье (Моя судьба. 1991), К.Шульженко (Когда вы спросите меня. 1981), А.Вертинский (Дорогой длиною.1991) және т.б. маңызды ақпараттарды қамтиды.

Қазақстан музыканттарының аға буын өкілдерімен кездесулер мен әңгімелесулер бұрынғы отандық танымал әншілер, атап айтқанда – Ермек Серкебаев, Роза Бағланова, Жамал Омаровалар туралы көптеген қызықты материалдар мен мәліметтер берді. Сондай-ақ, қазақ эстрадасының қазіргі заманғы жұлдыздары - Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева, «Дос Мұқасан», «Тұран» ансамбльдерінің әртістерімен және т.б. жүргізілген әңгімелесулер үлкен рөл атқарды.

### **Зерттеудің әдіснамалық негіздері**

Қазақстандағы музыкалық эстрада және оның қайраткерлерінің әртістігін дамыту мәселелері алғаш рет мәдени-тарихи контексте қарастырылуда. Бұл тарихшылардың, музыкатанушылардың, театртанушылардың,

мәдениеттанушылардың, әлеуметтанушылардың, педагогтардың, психологтардың еңбектерін пайдалана отырып, *кешенді және жүйелі* талдау әдіснамасын қолдануға себепші болды.

**Зерттеу әдістері:** зерттеу мәселесі бойынша теориялық әдебиеттерді талдау, бақылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

1. Қазақстандағы эстрада өнерінің даму кезеңдері мен генезисінің өзіндік ерекшелігі осы өнердің Еуропада және Орталық Азияның отырықшыл халықтарында дамуымен салғастырмалы салыстыру аясында сипатталған;

2. Көшпелі мәдениет, менталитет және Қазақстандағы эстрада өнерінің дамуы арасындағы байланыс көрсетілді.

3. Қазақ эстрадасындағы әртістік құбылыс, оның әртүрлі көріністері талданады.

4. Қазақ эстрадасының танымал орындаушылары мен топтарының шығармашылығында қазақ халқының ежелгі мифологиялық санасының архетиптік бейнелерін жүзеге асыруда әртістіктің кәсіби және жеке көріністерінің кеңеюіне және трансформациялануына әкеп соққан КСРО мен Қазақстан тарихында болған идеологияның өзгерістерімен эстрадалық өнердің ажырамас байланысы талданды.

5. Қазақ дәстүрлі музыкасының эстрадада бейімделу кезеңдерінің, оның қазақ музыкалық эстрадасының өнерін дамыту және жаңғырту негізі ретіндегі рөлінің жүйелі түрдегі сипаттамасы берілген.

**Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Еуропа халықтарында, қазақтарда және Орталық Азияның отырықшыл халықтарында эстрада өнері генезисінің ерекшелігі оның пайда болуының қоғамдық-экономикалық және тарихи-мәдени алғышарттарының әртүрлілігімен шартталады.

2. Қазақ қоғамындағы эстраданың қалыптасуы мен дамуы көшпенді мәдениеттің генетикалық байланысымен, сондай-ақ әлемдік, атап айтқанда, батыстық эстрадамен өзара байланыстың кеңеюімен түсіндіріледі.

3. Әртістік жеке тұлғаның психикалық белсенділігі мен эмоционалдылығына байланысты орындаушылық қабылдау бағыттылығы, бұл әншінің қызметінің табыстылығын қамтамасыз ете отырып, оның даму мүмкіндігін анықтайды.

4. Әртістіктің басымдық белгілері, сахналық мінез-құлық моделі және олардың қазақ эстрадасының жеке топтары мен солистерінің шығармашылығындағы өзгерістері ауыспалы идеологиялық ұстанымдар шеңберіндегі еркіндік, шындыққа деген дербес көзқараспен байланысты.

5. Дәстүрлі музыканың қазақ эстрадасына бейімделуі эстраданың қалыптасқалы бері түрлі тарихи кезеңдеріндегі өнерін дамыту мен жаңғыртудың қажетті негізі болып табылады.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы**

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның музыкалық эстрадасының генезисі мен даму кезеңдерін анықтайды, тоталитаризм, саяси «жылымық», сондай-ақ Тәуелсіздік кезеңдеріндегі оның жедел дамуымен байланысты қазақ музыкалық

эстрадасының табиғаты мен өзіндік ерекшеліктері туралы ғылыми түсініктерді кеңейтеді. Өз кезегінде, олар мәселені әрі қарай ғылыми игеру жолдарын ашады.

Әртістік феномен, сондай-ақ оның қазақ эстрадасының танымал топтары мен солистерінің шығармашылық қызметіндегі көркемдік-эстетикалық көріністері ғылыми білімнің түрлі салаларындағы еңбектерге сүйене отырып, проблемалық-ғылыми тұрғыдан көрініс табады.

### **Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

Зерттеу жұмысы аталған мәселені практикалық және оқу-әдістемелік игеру жолдарын ашады. Зерттеу нәтижелері шығармашылық жоғары оқу орындарында «Қазақ музыкасының тарихы», «Қазақстан эстрадасының тарихы», «Көпшілік музыкалық мәдениет», «Эстрадалық орындаушылық және педагогика»; «Әртістік феномені және оның дамуы», «Әртістік құралдармен эстрада музыкантының вокалдық - орындаушылық шеберлігін қалыптастыру мазмұны және әдістемесі» оқу курстарында қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері эстрадалық орындаушылардың концерттік жұмыстарында; эстрадалық өнер вокалисінің музыкалық-орындаушылық дайындығында; концерттік ұйымдардағы режиссер, оператор, дыбыс режиссері, телевизия және қалалық көпшілік мейрамдар мен мерекелік іс-шараларды ұйымдастырушылардың жұмысында қолданылады.

### **Зерттеудің негізгі мазмұны мен қорытындылары**

Қазақстанда және басқа елдерде эстрада өнерінің пайда болуының қоғамдық-экономикалық және тарихи-мәдени алғышарттарын зерттеу эстрада өнерінің қала өмірінің құбылысы екенін көрсетті. Сондықтан жаһандану өркениетінде эстрада кәсіби өнер ретінде Еуропада қайта өрлеу дәуірінде, Орта Азияда орта ғасырларда пайда болды. Қазақстанда эстрадалық өнер кәсіби, ойын-сауық, синтетикалық сипаттағы сахналық өнер ретінде ХХ ғасырдың 30-шы жылдары ғана пайда болды. Қалада концерт құрылымы эстрадалық өнердің тіршілік ету тәсілі ретінде қалыптасты және қолжетімді, қысқа, қарапайым, күнделікті өмір оқиғаларымен тікелей байланысты болу талаптарына жауап беретін эстрадалық нөмірдің жанры ретінде рәсімделді.

Қазақ эстрадасының көшпелі мәдениетпен генетикалық байланысы оның қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшелігіне себепші болды.

Қазақстандық эстрада дамудың үш кезеңінен өтті.

*1-кезең* – ХХ ғасырдың 30-50 жылдары, тоталитаризм кезеңіндегі музыкалық эстраданың қалыптасуы мен дамуы. Жаңа өнер көшпелі халықтың седентаризациясымен және музыкалық өнерді Еуропаға бағыттаумен қатар пайда болады. Жаңа мазмұндағы әндер көпшілік кеңес әндерінің элементтері бар дәстүрлі емес *қара өлеңнің* ерекшеліктерін жинақтайды. Әндердің тақырыбы – жаңа уақыттың шынайылығы, жаңа өмір салтын ұлықтау. Орындаушылар – солистер, олардың әртістігі орындаушылықтың академиялық каноны аясында көрініс табады.

*2-кезең* – ХХ ғасырдың 60-85-ші жылдары, «жылымық» кезеңі. Шетел эстрадасымен танысу, оның ықпалымен музыкада ойнаудың жаңа түрлері пайда болады, қазақ вокалды-аспаптық ансамбльдерінің жаппай таралуы жүзеге асырылады. Алғаш рет қазақ әндерін көпдауысты-ансамбльдік өңдеу, сондай-ақ

этно-рок стиліндегі жаңа әндер пайда болды. Бұл бағытта «Дос Мұқасан» ансамблі көш бастады, олар жалпы қабылданған вокалды-аспаптық ансамбльдерге тән аспаптардан басқа домбыра, шаңқобыз, қылқобыз сияқты аспаптар енгізді. Орындаушылардың әртістігі көрермендермен еркін қарым-қатынас жасау арқылы күшейе түседі. Бұл кезеңде батыс стилінің джаз және рок түрлеріне бағытталған ансамбльдер пайда бола бастады.

3-кезең, яғни 1985 жылдан осы уақытқа дейінгі Қайта құру және Тәуелсіздік кезеңі үшін Қазақстан эстрадасының алдыңғы даму кезеңінің негізіндегі үрдістердің күшеюі тән. Бір жағынан, әлемдік эстрадамен өзара тығыз байланысты кеңейту әлемдік, негізінен алғанда, американдық эстраданың түрлі бағыттарында жұмыс істейтін көптеген топтар мен солистерді құруға алып келді. Екінші жағынан, қазақ мәдениетінің тереңдігіне ену оның түркі халықтарының дыбыс әлемімен байланыстарының ашылуына әкелді.

Дәстүрлі мәдениетке тән өнер синтезі бастапқыда қазақ эстрадасына көшірілген жоқ болатын. XX-XXI ғасырдағы Қазақстан эстрадасының өмірі: 1) әлемдік, негізінен батыс эстрадасымен өзара байланыстың кеңею жолы; 2) жалпы, түркі музыка өркениетінен бастау алатын қазақ мәдениетінің терең қабаттарына ену.

Қазақстан эстрадасы өнерінің тарихы көрсеткендей, жоғарыда аталған екі күштің өзара әрекеттесуі оның жедел дамуының қозғаушы күші болып табылады.

Әртістік жеке тұлғаның психикалық белсенділігі мен эмоционалдылығына байланысты орындаушылық қабылдау бағыттылығы, бұл оның әнші ретіндегі қызметінің табыстылығын қамтамасыз ете отырып, даму мүмкіндігін айқындайды. Жалпы, қазақ эстрадасындағы әртістіктің және сахналық мінез-құлық үлгілерінің тарихи даму үрдісін тұлғалық параметрлердің кезең-кезеңмен кеңеюі, әртістердің ішкі еркіндігі ретінде сипаттауға болады. Қазақстан эстрадасының даму кезеңдері – сахнадағы артист еркіндігінің артуы, оның көпшілікке әсер ету палитрасының кеңеюі.

Бұл үрдіс «жылымық» кезеңінің, яғни XX ғ. 60-70 жылдарындағы мәдениетаралық әсері; сондай-ақ XX ғасырдың соңында Тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық және мәдени өмірді демократияландыруы нәтижесінде Қазақстанның музыкалық эстрадасының жанрлық-стильдік құрылымы және құрамының кеңеюімен тікелей байланысты.

Дәстүрлі музыканың қазақ эстрадасына бейімделуі эстрада өнерінің түрлі тарихи кезеңдеріндегі дамуы мен жаңғыруының қажетті негізі болып табылады.

Қайта құру және Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстан эстрадасында қазіргі заманғы әлемдік эстраданың барлық бағыттары бойынша: классикалық джаз, фри-джаз, джаз-рок, бағдарлы джаз, джаз-фолк, рок, поп-рок, поп-этно, ауыр рок, джаз синтезі, фанка, фольк-рок, арт-рок, кроссовер, калька типі бойынша екінші шығармашылық сияқты топтар мен солистер пайда болды.

Дәстүрлі музыканың эстрадамен қазіргі заманғы синтезі әртүрлі. Көрермендерге әртістік әсер ету жолдарының кеңеюі театрландыруға алып келді. Бұл бағытта көшбасшылықты «Тұран» тобы бастап тұр.

Тұтастай алғанда, отандық эстрадалық музыканың қазіргі даму үрдісі әлемдік музыкалық деңгейге шығумен бірге, ұлттық ерекшелікті нығайтудан тұрады.

Сонымен, қазақстандық эстрада қоғамда болып жатқан рухани-адамгершілік трансформацияларды көрсете отырып, әртүрлі этностық, жас және әлеуметтік топтардың көрермендеріне бағытталған, дәстүрлер мен эксперименталдық жаңалықтарды бағалауға қабілетті, әлеуметтік бейімделген, ұтқыр өнер түрлерінің қатарына енеді.